

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғаудың техникалық құралдарына сәйкестік сертификатын беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 қазан N 1561. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 558 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 31.07.2019 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғаудың техникалық құралдарына сәйкестік сертификатын беру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді қорғау үшін техникалық құралдарды пайдаланатын мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар бұдан әрі ақпаратты қорғаудың тек қана сертификатталған техникалық құралдарын сатып алатын болсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000 жылғы 19 қазандағы
N 1561 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғаудың техникалық құралдарына сәйкестік сертификатын беру Ережесі

1. Осы Ереже "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңына және Қазақстан Республикасының

мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді қорғаудың техникалық құралдарына (бұдан әрі - құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдары) сәйкестік сертификатын беру тәртібін белгілейді.

2. Құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарына сәйкестік сертификатын беру тәртібі жұмыстарды жүргізудің мынадай реттілігін көздейді:

1) өтінім иесінің сертификаттау жөніндегі органға өтінім беруі;

2) ұсынылған өнім үлгілерін іріктеуді жүргізу және оларды сертификаттау жөніндегі органға немесе сынау зертханасына (орталыққа) тапсыру;

3) ұсынылған өнімнің үлгілеріне сертификаттық сынаулар мен сертификаттаудың іске асырылатын сызбасында көзделген басқа да жұмыстарды жүргізу; алынған нәтижелерді талдау және сәйкестік сертификатын беру мүмкіндігі туралы шешім қабылдау;

4) сертификат беру және оны мемлекеттік сертификаттау жүйесінің тізілімінде тіркеу не өтінім иесіне сәйкестік сертификатын беруден бас тарту туралы дәлелді шешім жіберу.

3. Құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарын сертификаттау өтінім берушінің сертификаттау жөніндегі органға жіберген өтінімінің негізінде жүргізіледі, оған сертификаттауды жүргізу сызбасы, талаптарына құпия ақпаратты қорғаудың сертификатталатын техникалық құралдары сәйкес келуге тиісті ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік және әдістемелік құжаттар қоса берілуі мүмкін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

4. Сертификаттау жөніндегі орган сертификаттық сынақтарды жүргізу үшін белгіленген тәртіппен сынау зертханасын (орталықты) белгілейді.

5. Құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының үлгілерін іріктеуді сертификаттау жөніндегі орган, не оның тапсырмасы бойынша тіркелген сынау зертханасы (орталық) жүргізеді.

6. Іріктелетін үлгілер саны, оларды іріктеу әдістемесі, сондай-ақ оларды сақтау жағдайлары ұсынылған өнімнің сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттарда жазылған талаптарға сәйкес болуға тиіс.

7. Үлгілерді іріктеу актімен ресімделеді. Іріктеу актісіне үлгілерді іріктеуді жүзеге асыратын адамдар және өтінім иесінің өкілдері қол қояды.

8. Өтінім иесі үлгілерді іріктеген қызметкердің (комиссия мүшелерінің) қатысуымен оралған және пломбаланған (егер ол қажет және мүмкін болса) іріктелген үлгілерді іріктеу актісімен және олардың техникалық құжаттамасының есепке алынған даналарымен бірге сынау зертханасына (орталығына) ұсынады.

9. Сынау зертханасы (орталық) сертификаттау жөніндегі органмен келісілген мерзімде құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының үлгілерін сынауды жүргізеді.

10. Сынаулар нәтижелері туралы сынау зертханасы сертификаттау жөніндегі органға хабарлайды.

11. Сынаулар нәтижелері оң болған кезде сертификаттау жөніндегі орган белгіленген нысан бойынша сертификатты ресімдейді.

12. Сынаулар нәтижелері теріс болған кезде сертификаттау жөніндегі орган сертификатты беруден бас тарту туралы дәлелді шешімді және сынаулар хаттамаларын өтінім иесіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жібереді.

Бұл ретте құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының үлгілері өтінім иесіне қайтарылады.

13. Сертификаттың және оның қосымшасының көшірмелері сертификаттау жөніндегі орган басшысының, не оның орынбасарының қолымен не бұйрықпен тағайындалған жауапты адамның қолымен және сертификаттау жөніндегі органның мөрімен куәландырылады.

14. Құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарына сертификат беру кезінде дайындаушы кәсіпорынға құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарын сүйемелдеу үшін сертификат көшірмесін ресімдеу құқығы берілуі мүмкін. Мұндай жағдайда көшірмелер дайындаушы ұйым басшысының не оның орынбасарының, не бұйрықпен тағайындалған жауапты адамның қолымен және ұйым мөрімен куәландырылады.

15. Сертификаттың қолданылу мерзімін сертификаттаудың іске асырылған сызбасын, сондай-ақ құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының, оны жасаудың ерекшеліктерін, құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының нормативтік құжаттарының қолданылу мерзімін, үш жылдан аспауға тиіс өндірісі сертификатталған мерзімді ескере отырып, сертификаттау жөніндегі орган белгілейді.

16. Құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының жарамдылық мерзімінің шегінде сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімін сертификатты берген орган ұзартуы мүмкін. Бұл ретте сертификаттың жалпы қолданылу мерзімі сертификатты берген күннен бастап үш жылдан аспауға тиіс.

17. Құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының конструкциясына (құрамына) немесе оны жасау технологиясына сертификаттау кезінде куәландырылатын көрсеткіштерге әсер етуі мүмкін өзгерістер енгізілген кезде, бұрын берілген сәйкестік сертификаты құпия ақпаратты қорғаудың жаңартылған техникалық құралдарына қолданылмайды. Мұндай техникалық құралдарға сертификат алу осы ережеде белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Бұл ретте

сертификаттау жөніндегі орган жаңартылған үлгілерге толық немесе ішінара сынаулар жүргізудің қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

18. Құпия ақпаратты қорғаудың сертификатталған шетелдік техникалық құралдарының импорты кезінде шетелдік сертификатты тану үшін өтінім иесі көшірмесі мен сертификатты тануға өтінім берушіге сертификатты тану немесе көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап бір айлық мерзімнен кешіктірмей сертификаттау сынауларын жүргізу қажеттігі туралы хабарлайды. Шетелдік сертификатты таныған жағдайда сертификаттау жөніндегі орган өтінім иесіне белгіленген үлгідегі сәйкестік сертификатын ресімдейді және береді. Құпия ақпаратты қорғаудың импортталған құралдарын сертификаттау отандықтарды сертификаттау ережесі бойынша жүргізіледі.

19. Сертификат күшін жою немесе тоқтата тұру, құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарына сәйкестік сертификатын берумен байланысты даулы мәселелер бойынша рұқсат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

20. Сертификаттау жөніндегі орган Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгіленген тәртіппен сәйкестік сертификаттарының тізілімін жүргізеді. Сәйкестік сертификатты мемлекеттік сертификаттау жүйесінің тізілімінде тіркеуге жатады.

21. Құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының сертификатталуын растайтын құжаттар мен материалдар сертификатты берген сертификаттау жөніндегі органда сақталады.

22. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда сертификатты берудің өзгеше тәртібі белгіленетін болса, онда халықаралық шарттардың нормалары қолданылады.